

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## Кірпінің жанұясы

ЖАРИЯЛАНДЫ  
25.06.2019

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/58798/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Тәрбиеші:** Султанова Гульжамила Жумабековна

**Мақсаты:** Мүсіндеу дағдыларын жетілдіру.

**Білімділік:** Балаларға кірпі туралы мағлұмат беру.Ермексаз бен сіріңке шиін пайдаланып,кірпі пішінін жасауды меңгерту.Ермексазды алақан арасына салып домалақтай алу тәсілін үйретуді жалғастыру.

**Дамытушылық:** Балалардың тілдерін дамыту,саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.Ой-өрісін, дүниетанымын, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

**Тәрбиелік:** Балаларды табиғатты аялауға,жануарларды қорғауға, бастаған ісін аяғына дейін ұқыпты жасауға тәрбиелеу.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Үлгі ретінде жасалған кірпі, кірпінің суреті. Ермексаз,тақтайша,таяқша,қолорамал,жұмыс дәптері.

**Қостілділік компонент:** Отбасы-семья, кірпі-ежик

**Сөздік жұмыс:** Тікенекті

Іс -әрекеттер кезеңі	Тәрбиешінің іс -әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивация-лық - қозғаушылық	-Балалар жылдың қай мезгілі? -Ауа райы қандай? -Табиғатта қандай өзгерістер болады?	жылдың қай көктем мезгілі Ауа райы жылы.

<p><b>Ұйымдас-тыру, іздену</b></p>	<p>Бір мақұлық бар екен төрт аяқты Доп-домалақ, арқасы мың тікенді Ашуланса аяғын көрсетпейді Көресің көз салсаң бір ғажайыпты. -Балалар, қарандаршы! -Бұл не? -Кірпі жалғыз емес сияқты, ол отбасымен жүр екен. Мынау- әкесі, мынау-анасы, мынау-баласы. -Балалар кім маған кірпілерді санап береді? -Ал енді орыс тілінде санайық. -Кім ағылшын тілінде санайды? Балаларға иллюстрациялық суреттерді көрсете отырып, кірпі туралы мағлұмат беру. Кірпі – жабайы, ол орманда өмір сүреді. Қыс бойы жерге түскен қлың жапырақтардың астында ұйықтап жатады. Кірпінің денесі тікенекті болады, төрт аяғы, екі көзі мен құлағы бар. Жауын көрсе, аяқ-қолын жинап, домалана қалады. Кірпі денесінің сипатына талдау жасалынады. Балалар кірпі мүсіндеп үйренейік?! -Кірпіні мүсіндеу үшін ермексаздың қандай түсін аламыз? Мүсіндеу тәсілін көрсету: -Бұрыннан білетін домалақтау тәсілімен жасаймыз. Ермексазды домалақтап, домалақ бөлшекті сопақша пішінге келтіреміз. Созу арқылы тұмсығын шығарамыз. кішкентай дөңгелектер жасап, тұмсығының үстіне көзінің орнына жапсырамыз. Тікенекті сөзін бірнеше рет қайталату. Отбасы-семья, кірпі-ежик <b>Сергіту сәті:</b> -Саусағым, қайда болдың? -Балалармен не істедің? -Бір баламен жүгірдім -Бір баламен биледім -Бір баламен қыдырдым -Бір баламенойнадым -Бір баламен секірдім -Достарымды жинаймын Мүсіндеуді бастаймын! Тікенектерін сіріңке шиінің бөліктерінен жасаймыз. Тікенектер ермексазға қадалады. Қауіпсіздік ережесін түсіндіруді ұмытпау. -Балалар, кірпінің енді анасы мен әкесін мүсіндейік. Балаларды екі топқа бөліп, бір топ анасын, екінші топ әкесін мүсіндейді.</p>	<p>Бұл кірпі-Балалар кірпілерді қазақша және орыс тілінде санап береді. Мұқият тыңдайды Сұр немесе қара түсті ермексазды аламыз.</p> <p>Балалар кірпіні мүсіндейді</p> <p>Сөздерді қайталап айтады</p> <p>Өлең жолдарына сай қимылдар жасайды. Кірпіні мүсіндеуді аяқтайды</p> <p>Балалар кірпіні мүсіндейді.</p>
	<p>Балалар кірпі қайда өмір сүреді? -Қыста қайда болады? -Жауынан қалай қорғанады? -Арқасында не болады? -Қандай ермексазды пайдаландық? -Тікенегін неден жасадыңдар? -Қандай тәсілді пайдаландыңдар? Неше кірпі мүсіндедік?</p>	<p>Сұрақтарға жауап береді.</p>

### Күтілетін нәтиже.

**Біледі:** Балалар кірпінің тіршілігі туралы біледі.

**Игереді:** Кірпіні мүсіндеу жолын игерді

**Меңгереді:** Балалар домалақтау, созу тәсілдерімен кірпіні мүсіндей алады.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.